

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Важным условием установления и поддержания контакта является обращения к ребенку. Допустимым можно считать только общение по имени, причем маленьких детей рекомендуется называть как их обычно называет мама. Вообще речь психолога, его язык имеют большое значение при проведении беседы детьми и подростками. Необходимо помнить, что не все обороты и выражения «взрослой» речи могут быть понятны ребенку, поэтому, организуя беседу, нужно принимать во внимание возраст, пол, условия воспитания детей. Кроме того, чтобы самому понимать ребенка, психолог должен быть знаком с детским словарем, должен знать и при необходимости уметь использовать в общении со школьниками подростковый и молодежный сленг.

Список использованных источников:

1. Зейгарник Б. В. Патопсихология. — М, 1976.
2. Rogers C A. Theory of therapy, personality and interpersonal relationships as developed in the client-centered framework / Psychology: A Study of a Science. V. - N. Y., 1959.
3. Практическая психология образования; Учебное пособие 4-е изд. / Под редакцией И. В.
4. Дубровиной — СПб.: Питер, 2004
5. Шванцара Й. и др. Диагностика психического развития. — Прага, 1978.

ӘОЖ 37. 013. 42

М.МОНТЕССОРИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Алпамысова Ләззат

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «5B012300- әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: **Шолпанқұлова Г.К.**, п.ғ.к., доцент

Баланы түсінетін – тек басқа бала
М.Монтессори

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік білім беру саясатының басты бағытының бірі болып табылады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау қажеттіліктен туындап отырған мәселе.

Осы орайда балаларды ерте дамытудың түбегейлі негіздері ұлттық практиканы және халықаралық тәжірибені талдау негізінде Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын жүзеге асыру қолға алынды. Тұжырымдаманың мақсаты табысты әлеуметтендірудің бастапқы мүмкіндіктерінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және әрбір баланың бірегейлігін дамытуға бағытталған, Қазақстанда балаларды дамытудың бірыңғай кешенді тиімді үлгісін қалыптастыру болып табылады [1].

Жоғарыдағы мақсатқа қол жеткізу үшін оның бағыттарының бірі ДДСҰ халықаралық стандартына сәйкес денсаулықты сақтаудың тетіктерін жетілдіру, сонымен қатар Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелердегі инклюзивті топтардың әртүрлі мүмкіндіктері бар балаларды әлеуметтендіру факторы жұмыстарын әрі қарай дамыту үшін білім беру саласындағы технологияларды жаңарту және оны практикада ұтымды пайдалану қажет.

Осы орайда мектепке дейінгі балалардың дамуында қолданылатын маңызды технологиялардың бірі итальян педагогы әрі психологі Мария Монтессоридің (1870-1952) әдістемесі үлкен қызығушылық тудырады. Ол балабақшадағы балалардың және бастауыш мектеп оқушыларының ерте дамуы мен еркін тәрбиелеу идеясын ұсынып, 3-7 жас

аралығындағы балалардың психикалық дамуы мен тәрбиелеуімен жүйелі түрде айналысып, осы жасты ең маңызды кезең деп көрсетті.

Т.Л.Сухотинаның пікірінше «Монтессори әдістемесі бойынша тәрбиеленген ақыл-ой кем, дамуында артта қалған болып есептелген бала, басқа қарапайым балаларға қарағанда қалалық мектепке емтиханды өте жеңіл және еркін түрде төзіп шыққан». Мұндай ғажайып нәрселер кейіннен қарапайым құбылыс сияқты қайталана бастады [2].

М.Монтессори әдістері және әдістемесінің мәнін түсіну үшін алдымен өзінің тұтастығымен және альтернативтілігімен ерекшеленетін М.Монтессори жүйесінің маңызын ашып көрсету қажет.

Альтернатива (фр. alternative, от лат. alternatus - басқа) –екеуінің біреуі немесе бірін-бірі шығаратын мүмкіндіктер, сонымен қатар осы мүмкіндіктердің әрқайсысы деген мағынаны білдіреді [3]

Әлемдік педагогикада «альтернативті» ұғымы жалпы қабылданған мәнде өзіне мыналарды енгізеді: өзіндік философиялық базаның болуы; тиімді бірегей технологияның (әдістеменің) болуы; т.б.

Монтессори жүйесі білімінің философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік деңгейдегі бірлігі мен тұтастығын көрсетеді.

М. Монтессори жүйесінің мақсаты: баланың психофизиологиялық дамуына мүмкіндік жасау; барлық сыртқы сезімді дамыту; жоғары интеллектуалдық көңіл-күйді, сонымен қатар этикалық және эстетикалық сезімді тәрбиелеу; тілді дамыту және сөздік қорларын молайту; дағдыларды дамыту, жұмысты өз бетінше орындауға ынталандыру, өз-өзіне қызмет көрсетуді дамыту.

М.Монтессори әдісінің негізіне балалар іс-әрекетті өз бетінше орындауға, әдейі құрылған дамытушы ортада өзін-өзі дамытуға мүмкіндік туғызу идеясы алынады. Сондықтан оның әдісінің мәні баланы өзін - өзі тәрбиелеуге, өзін - өзі оқытуға, өзін – өзі дамытуға бағытталған. Бұл педагогикалық жүйеде адамның еркіндігі мен қадір - қасиетіне деген көзқарас бала кезінен маңызды деп саналады. Тәрбие үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі – баланың рухани еркіндігіне құрметпен қарау. М.Монтессори үшін адамның рухани дамуы оның психикалық және физикалық дамуымен тығыз байланысты. Ол баланың саналылық пен ойлаушылық қабілетінің дамуы үшін сезім мүшелері қабылдауының, қозғалыс дамуының маңыздылығын үнемі көрсетіп отырды [4].

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінің өзіне тән негізгі қағидалары бар және олардың мазмұны «өзін-өзі еркін тәрбиелеу және өз бетінше білім алу» қағидасымен іске асырылады.

Антропологиялық қағидасы. М.Монтессоридің педагогикасы «баладан» басталады, оның ортасында білімі антропология мен психология тұрғысынан құралатын бала тұрады. Білімнің басты мақсаты адамның өз болмысын тануға көмектесіп, тереңде жатқан талаптілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру болып табылады.

Бала дамуы еркіндігінің қағидасы. Тәрбие құрылымы өзгеруінің астарында М.Монтессори тәрбиелеу үдерісінде «еркіндік жағдайларын» жасауды түсіндіреді. Осыған байланысты жұмыс түрі мен құралдарды өз еркімен таңдау монтессори – топтардағы оқу үдерісін ұйымдастыруды дәстүрлі сынып сабақ жүйесі мен кәдімгі балабақшалардағы топтық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетін өткізу жүйесінен ерекшелендіреді. Басты мақсаты еркін, өздігінен ойлай алатын, өзін басқара алатын, жауапты жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Осыдан Монтессори бойынша білім берудің ұраны: «Маған өзімнің істеуіме көмектес». «Мен өзім!» - педагог үшін баланың бұл тілегі орындалуға міндетті. Монтессоридің ойынша, кішкентай баланың өзімен өзі болуға тәуелсіздікке ұмтылысын ересектер құрметтеуі керек, жауапты адам өссін десе, тәрбиелеу үдерісінде одан әрі бекітіліп қолдауға ие болуы керек. Еркін тірлігінің арқасында бала өзінің мүмкіндіктерін бағалай алады және материалды, орынды, серіктесін, тағы басқаны таңдағанда дұрыс шешім

қабылдай алады, сол қабылданған шешімге өзінің жауапкершілігін түсінеді, үдерістен және ісінің нәтижесінен қуаныш алады.

Назарды шоғырландыру қағидасы. Ұзақ уақыт аландамай бір нәрсеге назарын аударып жұмыс істеу, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, материалымен қалай жұмыс істеуді көрсетіп беретін педагогтың қимылын мұқият бақылау, егер қажет болғанда түсініктемелерді тыңдау, өздігінен жұмыс істеу және өзінің қателерін бақылауда басқаларға бөгет болмау орындалғанда ғана еркін және өздігінен бір іспен айналысуға болады. Монтессори мұны «назардың поляризациясы» деп атады. Монтессори назарды шоғырландырудың жоғары деңгейі ақыл – ойдың басшылығымен қолдардың белсенділігін тудырады деген тұжырымға келді. Белгілі бір затқа іштей шоғырланудың арқасында баланың ақыл- ойының өздігінен даму үдерісі мүмкін болады. Мұнан басқа ақылмен жұмыс істеуге қажетті шыдамдылық, табандылық сияқты қасиеттер пайда болады.

Арнайы дайындалған оқыту орта қағидасы. Қоршаған оқыту ортасын жасағанда баланың физикалық мүмкіндіктері міндетті түрде ескеріледі. Оңай қол жететін сөрелерде оқып үйрену үшін жан-жақты дамытатын керемет мүмкіндігі егжей-тегжейлі ойластырылған көптеген дидактикалық материал қойылады. Монтессори материал жалпыланған білімнің нақты, заттық бейнесін, адам жаратылысының кейбір «элементін», барынша деперсонализацияланған, субъектіліктен ажыратылған, адамдардың ол жайлы ұрпақтан ұрпаққа жалпыланып келген білімін көрсетеді (Монтессоридің айтуынша – «материаланған абстракциялар»). Монтессори материалдары бала үшін «әлемге кілт» болып табылады, соның арқасында ол өзінің әлем жайлы хаостық ұғымдарын тәртіпке келтіреді, құрастырады. Монтессоридің сөздерінше, «материал ... баланың ішкі жұмысының басшысымен көмекшісі болуы керек, басқаша айтқанда, бала әлемнен оқшауланбаған, оның қолына бүкіл әлем мен оның мәдениетін жаулап алуға болатын «құрал» беріліп отыр».

Сензитивтілік қағидасы. М.Монтессоридің дидактикалық материалы өзінің құрылымы мен заттық логикасы бойынша бала дамуының сензитивті кезеңдеріне сәйкес келеді. Монтессори, мысалы, алты жасқа дейінгі баланың дамуын алты сензитивті кезеңдерге бөлді: сөйлеу дамуының сензитивті кезеңі, қабылдаумен тәртіп орнатудың («ұқыптылықтың сензитивті кезеңі»), ұсақ заттарды үйрену, қимыл мен істі үйрену әлеуметтік дағдылардың дамуы. Монтессори бала кішкентай кезінде өзінің айналысы туралы толық ұғымды интуициямен сезінеді деп топшылады. Осыдан ол санамен емес, дәл сол кезде, өзінің сенситивті кезеңінде оған қалыптасуына керектісін ғана алады.

Шектеу мен тәртіп қағидасы. Тәртіпті бұзу мен қайта қалпына келтіру бала іс-әрекетінің ең күшті мотиві деп санады Монтессори, себебі балаға өзінің айналысындағы заттардың бір орнында тұрғаны ұнайды, ол осы тәртіпті бұзған болса, қайтадан өз орнына келтіргісі келеді. Тәртіпте баланың өзінің қалауына қарай істеу қабілетінің жақсаруы байқалады, ішкі тәртіп «еркіндіктің келесі беті» бола бастайды.

Әлеуметтік тәрбиелеу мен интеграция қағидасы. Жеке жұмыс пен жеке қызығушылықтың болуы жасы мен тәжірибесі гетерогенді (даму кезеңі мен тәжірибесі бойынша әртүрлі және әр жастағы) топтарда жеке жұмыс істеуге арналған оқу құралдарына байланысты болады. Монтессоридің айтуынша балардың бірге жұмыс істеуіне жасына қарай бөлу жеткіліксіз және нәтижесіз болады. Оның бала бақшаларында жасақталған топтар үш жас айырмашылығымен балаларды біріктіреді (мысалы, 3,4,5, жастағылар біртопта болады). Аралас жастағы балалардан құралған топтар рөлдік дистанцияның дамуына әсер етеді, бұл балалардың адамгершілігінің дамуында жақсы байқалады. Балалардың арасында өзара көмектің табиғи жүйесі дамиды: кіші жастағылар үлкеніректерден көмек сұрайды (сондықтан, кейбір қиналған кезеңдерінде педагогтың көмегі керек бола бермейді). Үлкенірек балалар материалымен жұмыс істеуді кішкентайларға көрсетіп, олардың сұрағына жауап береді, өздері ол жұмыстың мән-мағынасын жақсығырақ түсіне бастайды, көмек көрсетуге, кішкентайларға қамкор болуға үйренеді. Мұндай топтарда, көп балалы отбасылардағы сияқты, әлеуметтік дағдылар табиғи пайда болып дами бастайды, материал мен үлкенірек балалардың жұмыс істеуі кішкентайлар үшін осы жұмысқа қызығушылықпен

мативациясының күшті көзі болып табылады. Әлеуметтік қарым-қатынас дағдысына үйрену мақсатына топтарды әр түрлі жастағы балалармен толықтыру қағидасы жатады, сонда үлкенірек балалар кішірек балаларға көмектесетін болдады, бұл өз кезегінде жақындарына қамқор болуға және топтағы жағдайды отбасылыққа айналдыруға тәрбиелейді.

Қорыта келгенде, М. Монтессори әдісі балада өзінің мүмкіндіктеріне сай дамуға деген қызығушылық, жаңа білімді тануға деген құштарлығын оятады. Бала не істегісі келеді емес, неге дайын соны істейді. Ересектер ереже ұсынады, балалар өз бағытымен сол ережелерді орындап, дамиды. Сонымен бала өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік сезіммен қарайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. –Астана, 2014. 24 сәуір. № 396 қаулысы
2. Сухотина Т.Л. Мария Монтессори и новое воспитание. М, 1914. - с.5-14; 67-68.
3. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Альтернатива>
4. Монтессори М. Метод научной педагогики, применяемый к детскому воспитанию в домах ребенка. - М.: Тип. госснаба, 1993. - 168с.

ӘОЖ 88.4.

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аманжолова Ақерке Аманжолқызы

px201k@mail.ru

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Психология мамандығының
2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Ж. Турманова

Бүгінгі таңда тұлға – психологиядағы ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғарғы талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. Сондықтан да тұлғаның теориялық зерттеулеріне, жалпы ұғымына сарапталған талдауларға зер салайық.

Бұл көзқарас зерттеушілердің көпшілігіне негіз болып қаланды. Алайда, көптеген авторлар тұлға бағыттылығының мазмұнын (мотивтер мен қажеттіліктер, ұмтылу мен талаптану. бағдар және т.б.) түрліше қарастырады. Сонымен тұлға – бұл біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден, бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен анықталып және де біріккен әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасып отырады.

Жеке адамның қалыптасуы, индивидтің әлеуметтік-мәдени күйге түсуі - бұл өте күрделі процесс. Оған көптеген қозғаушы күштер, факторлар қатысады. Әлеуметтану ғылымы жеке адамның әлеуметтену процесін, әлеуметтік қасиеттердің, құндылықтардың, мұрат-мақсаттардың, ережелердің және әлеуметтік мінез-құлық, білім алу, іскерлік пен дағды принциптерінің қалыптасу процесін талдауға мүмкіндік беретін негізгі қатарды белгілеуге тырысады. Сол арқылы адам әлеуметтік байланыстардың және қауымдастықтардың әрекет ететін мүшесі болады. Ал қоғам өз өмірін сабақтастық арқылы жаңартып отырады.

Топтың негізгі сипаттамаларына біртектілік (гомогенділік), болмыстық сипаттамалары, мүшелерінің мәртебесі, ашықтық, ауызбіршілік жатады.

Біртектілік (гомогендік). Аталған сипаттама әртүрлі берілген параметрлер бойынша топтың *біртектілігін* бағалауға мүмкіндік береді, мысалы, жыныстық тұрғыдан қарағанда: